

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Жеткіншектердің ұлттық мінез- құлқын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері

Ғылыми жетекші: Аға оқытушы, психология магистрі

Қадыржанова Ж. Е.

Студент: «Педагогика және психология» мамандығының

4 курс студенті Әбілқайырова А.Б.

Зерттеу мақсаты – жеткіншектердің ұлттық мінез-құлқын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздеріне теориялық түрде талдау жасап, психологиялық шарттарын анықтап, дамытуға жағдай жасайтын жолдарын қарастыру.

Зерттеу міндеттері:

1. Жеткіншектердің ұлттық мінез-құлқын қалыптастырудың негіздеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасау.
2. Жеткіншектердің ұлттық мінез-құлық сапаларын арттыру мақсатында тәжірбиелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу.
3. Жеткіншектердің ұлттық мінез-құлық сапаларын дамыту жолдарын көрсету, арттыру жұмыстарының бағытын айқындау.

Зерттеу болжамы – егер жеткіншектерге ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері айқындалып, оқу-тәрбие үрдісіне тиімді ендірілсе, онда оқушылардың ұлттық сана-сезімін, ұлтжандылық, толеранттық қасиеттерін, ұлтаралық қатынастар мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын қалыптастыруға болады, өйткені мұндай жағдайда қарастырылып отырған процестің тиімділігі қамтамасыз етіліп, оқушылардың тәрбиелілік деңгейі артады.

Зерттеудің әдістері: зерттеліп отырған мәселе бойынша тарихи-педагогикалық әдебиеттерді талдау және жинақтау, бақылау, педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін математикалық тұрғыдан өңдеу әдіст. О.Л.Романованың «Балалар мен жасөспірімдердің этникалық идентификациясын зерттеу шкаласы» әдістемесі, А.Н.Татарко мен Н.М.Лебедеваның «Этникалық идентификация шкаласы» әдістемесі, «Ұлттың типтік мінез көрсеткіші» сауалнамасы.

Ұлттық мінез-құлық - өмір сүрудің нақты жағдай барысында және адамдардың жүріс-тұрысын, өмір сүру типін, олардың еңбекке, басқа халықтарға, өз мәдениетіне қарым-қатынасын белгілейтін тарихи қалыптасқан мінезінің этносқа тән психологиялық қасиеттерін анықтайтын жиынтықтары.

Біз өз зерттеуімізде ұлттық тәрбиені *тар мағынасында*, белгілі бір ұлттың халықтық педагогикасы арқылы оқушыны тәрбиелеуді көздейтін салыстырмалы түрде мақсатқа бағытталған процесс ретінде қарастырамыз.

Кең мағынасында, ұлттық тәрбиені - халықтық педагогиканың іс тәжірибедегі шынайы тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жеткіншектердің ұлттық тәрбиелілігін қалыптастырудың тұтас процесі деп білеміз.

Қазіргі таңда өз елімізде ұлттық мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі бойынша қаралып жатқан құнды еңбектерде жоқ емес, атап айтар болсақ мысалға: ұлттық мінез ерекшеліктері жөнінде Қ.Б.Жарықбаев, Н. Жанділдин; ұлттық тәрбие арқылы мінез-құлықты тәрбиелеудің әлеуметтік-философиялық негіздері С. Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б.Ерасов; ұлттық тәрбие арқылы мінез сапаларын қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері Қ.,Қожахметова, С. Ұзақбаева, Р.Төлеубекова; тұлғаның жағымды мінез-құлық сапаларының қалыптасу ерекшелігі Ж.І.Намазбаева, С.П.Жақыпов т.б. еңбектерінде ғылыми-теориялық тұрғыдан терең зерттелініп, әлі де өз жалғасын табуда.

Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, педагог-жазушы, ақын, балалар драматургі, профессор **Әдібай Табылды** ұлттық мінез бітістерін келесідей бөлген:

- ❖ *Ақкөңілділік мінез тәлімі*
- ❖ *Әдептілік мінез тәлімі.*
- ❖ *Байсалдылық мінез тәлімі*
- ❖ *Бауырмашылдық мінез тәлімі*
- ❖ *Зиялылық мінез тәлімі*
- ❖ *Имандылық мінез тәлімі*
- ❖ *Кісілік мінез тәлімі*
- ❖ *Кішіпейілділік мінез тәлімі*
- ❖ *Қайсарлық мінез тәлімі*
- ❖ *Қонақжайлылық мінез тәлімі*
- ❖ *Момындық мінез тәлімі*
- ❖ *Мұсылмандық мінез тәлімі*
- ❖ *Парасаттылық мінез тәлімі*
- ❖ *Сабырлылық мінез тәлімі*
- ❖ *Салауаттылық мінез тәлімі*
- ❖ *Ұлтжандылық мінез тәлімі*
- ❖ *Ұялишақтық мінездің тәлімі*

Жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру үлгісі

Әдіс-тәсілдері:

түсіндіру, этикалық әңгіме, сендіру, талап ету, кеңес беру, тыйым салу, үйрету, көрсету, үлгі көрсету, өтіну, бұйыру, жаттықтыру, бата беру, мадақтау, алғыс айту, сұхбат, театрландырылған ойын, сөгу, т.б.

Формалары:


танымдық әңгіме, сыныптан тыс сабақ, тәрбие сағаттары, ауызша журнал, танымдық ойын, өнер сайысы, білім сайысы, әдептілік сағаты, танымдық дәріс, әдеби-музыкалық кеш, саяхат сағаты, сахналық қойылым, драмалық көрініс, конференция, т.б.

Нәтиже


Ұлттық дәстүрлерді білетін, ұлттық сана-сезімі оянған, ұлттық мінез-құлық дағдыларын игерген оқушының ұлттық тұлғасы; мәдениетті, руханилықты, адамгершілікті меңгерген этнос субъектісі

Айқындау эксперименті

1- әдістеме: О.Л.Романованың «Балалар мен жасөспірімдердің этникалық идентификациясын зерттеу шкаласы» әдістемесі.



2-әдістеме: А.Н.Татарко мен Н.М.Лебедеваның «Этникалық идентификация шкаласы» әдістемесі



3-әдістеме: «Ұлттың типтік мінез көрсеткіші» сауалнамасы

Бақылау тобы

Ұлттық мінез бітістерінің ұнамды жақтары	Ұлттық мінез бітістерінің ұнамсыз жақтары	Оқушы бойындағы ұлттық мінез бітістерінің ұнамды жақтары	Оқушы бойындағы ұлттық мінез бітістерінің ұнамсыз жақтары
Қонақжайлық-20	Еріншек-18	Әдепті-18	Қызғаншақ-11
Батылдық-15	Мақтаншақ-22	Мейірімді-16	Мақтаншақ-14
Мейірімділік-23	Сараң-2	Батыл-11	Көреалмаушылық-3
Ақкөңілділік-15	Ұрысқақ-10	Ақкөңіл-9	Сараң-2
Сыпайылық-5	Көре алмаушылық-23	Патриот-8	Еріншек-15
Қайырымдылық-12	Ашуланшақтық-20	Адалдық-15	
Намысшылдық-13	Надан-14	Намысшыл-13	
Бауырмашылдық-10		Инабатты-8	
Ақылды-3		Сыпайы-16	
Ержүрек-16		Кішіпейіл-10	
Адалдық-10			
Қамқорлық-4			

3-әдістеме: «Ұлттың типтік мінез көрсеткіші» сауалнамасы

Эксперимент тобы

Ұлттық мінез бітістерінің ұнамды жақтары	Ұлттық мінез бітістерінің ұнамсыз жақтары	Оқушы бойындағы ұлттық мінез бітістерінің ұнамды жақтары	Оқушы бойындағы ұлттық мінез бітістерінің ұнамсыз жақтары
Қонақжайлық-23	Сараң-15	Әдепті-10	Қызғаншақ-5
Батылдық-12	Мақтаншақ-20	Мейірімді-16	Мақтаншақ-2
Мейірімділік-23	Шатақ-2	Батыл-18	Көреалмаушылық-1
Ақкөңілділік-5	Ұрысқақ-10	Ақкөңіл-9	Сараң-1
Сыпайылық-3	Көре алмаушылық-18	Патриот-2	Еріншек-8
Қайырымдылық-18	Ашуланшақтық-8	Адалдық-15	
Намысшылдық-10	Жабайы-1	Намысшыл-20	
Бауырмашылдық-2		Инабатты -5	
Ақылды-6		Сыпайы-12	
Ержүрек-18		Кішіпейіл-8	
Адалдық-8			
Қамқорлық-4			

«Жақсы мінез – жан сұлулығы»

(тренинг-сабақ)

Мақсаты:

- а) оқушылардың мінез - құлық туралы түсініктерін кеңейту.
- б) мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.
- в) жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу



«Өркениет» (Іскерлік ойын)

Мақсаты:

оқушылар ұлттық құндылықтар туралы, заманауи мәдениет туралы өз пікірлерін ашық білдіре алуы.



«Б.Момышұлы шығармаларындағы тәрбиелік маңызы зор афоризмдер» (ұлттық нақыштағы тәрбие-сағаты)

Мақсаты: Оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру;
Отаншылдыққа, елжандылыққа,
аталар ерлігін мақтан тұтуға,
ұлтжандылыққа,
ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.




«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰМЫТПАЙЫҚ»


(ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ТӘРБИЕ-САҒАТЫ)

Мақсаты:
Ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрыпты оқушылармен бірге терең зерттеу.





Эксперимент тобына қайта өткізілген О.Л.Романованың «Балалар мен жасөспірімдердің этникалық идентификациясын зерттеу шкаласы» сауалнамасының нәтижесі



Эксперимент тобына қайта өткізілген А.Н.Татарко мен Н.М. Лебедеваның “Этникалық идентификация шкаласы” әдістемесінің нәтижесі



М.Жұмабаев: «Әрбір тәрбиешінің ең алдымен қолданатын өз тәжірбиесі, екінші қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі болу керек».

«... жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, дәстүр-салт, әдет ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Оқудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру»

Жасалған қорытындылар негізінде төмендегідей ұсыныс жасауға мүмкіндік береді:

1. Орта мектептегі «Ұлттық тәрбиелілікті қалыптастырудың 5 бағыты» жобасын еңгізу.

- Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
- Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.
- Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
- Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз».
- Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

2. Қазіргі кезде халықтық педагогика элементтерін орта мектептерде қазақ тілі, әдебиет, тарих, құқық, бейнелеу өнері, дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолдану

3. Жеткіншектердің ұлттық сана-сезімін, патриоттық және толленранттылық сезімдерін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік құралдар, фото-видео және слайд материалдары, компьютерлік жобалар мен ғылыми-әдістемелік кинофильмдер мен мультфильмдер шығару.



Қазақ халқы сонау есте жоқ заманнан өзінің қадір – қасиеттерін қызғыштай қоғап, көздің қарашығындай сақтап, бұған шаң жуытпай, өз ұрпағын ауыздандарып келген ел. Сондықтан да қазіргі ұрпақ осынау ұлттық қасиеттерімізді ерекше қастерлеп, мақтан тұтып, жас өскіндер осы рухта тәрбиеленуге тиіс.